


Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат
министрлігі

"Құрманғазы атындағы Қазақ
ұлттық консерваториясы"
Республикалық мемлекеттік
мекемесі



Республиканское
государственное учреждение
«Казахская национальная
консерватория имени Курмангазы»

Министерство культуры и
информации Республики Казахстан

ҚЫЗМЕТ ЕРЕЖЕСІ

30 сәуір 2025 ж.

күні

Алматы қ.

ПОЛОЖЕНИЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

№ П-19-25

г. Алматы

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігі
"Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық
консерваториясы" РММ
Ғылыми кеңес шешімімен

Бекітілген

төраға

2025 жылғы «30»

Г. Тасбергенова

сәуір № 10 хаттама

«ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ» ПӘНІ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК ЕМТИХАН КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ МЕН ЖҰМЫС ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ҚЫЗМЕТ ЕРЕЖЕСІ

Дайындаған:			
Академиялық мәселелер жөніндегі қызметтің басшысы		Н. Ертаева	30.04.2025
Келісілді:			
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының меңгерушісі		Б. Калдаева	30.04.2025
Академиялық мәселелер жөніндегі проректор		Г. Әбдірахман	30.04.2025
Compliance officer		Г. Джагупарова	30.04.2025
Сапа менеджменті, ішкі аудит және стратегиялық жоспарлау жобалық кеңсенің басшысы		А. Сарымсакова	30.04.2025
Заң секторының басшысы		Д. Мамедова	30.04.2025
Лауазымы	Қолы	Т.А.Ж.	Күні

МАЗМҰНЫ

ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕР	3
1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	4
2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	4
3. МЕМЛЕКЕТТІК ЕМТИХАН КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ МЕН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ	4
4. «ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ» ПӘНІ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК ЕМТИХАН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ	5
5. ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІН РӘСІМДЕУ ЖӘНЕ ХАТТАМАЛАРДЫ ОҚУ БӨЛІМІНЕ ТАПСЫРУ ТӘРТІБІ.....	6
ҚОСЫМША 1.....	7
ҚОСЫМША 2.....	8
6. ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ	9
7. ҚҰЖАТПЕН ТАНЫСУ ПАРАҒЫ	10

Қызмет ережесі	«Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтихан комиссиясының құрамы мен жұмыс тәртібі туралы қызмет ережесі	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		10 беттің 2 беті

ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕР

Құрманғазы атындағы ҚҰК – «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ;

МЖМС – Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

МЕ – Мемлекеттік емтихандар;

МЕК – Мемлекеттік емтихан комиссиясы;

АМ жөніндегі проректор – Академиялық мәселелер жөніндегі проректор;

ТК – Тіркеу кеңсесі;

ББ – Білім беру бағдарламасы;

АМҚ – Академиялық мәселелер қызметі;

ӘГП кафедрасы – Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы;

ОПҚ – Оқытушы-профессорлық құрам.

Қызмет ережесі	«Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтихан комиссиясының құрамы мен жұмыс тәртібі туралы қызмет ережесі	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		10 беттің 3 беті

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Ереже Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының барлық білім беру бағдарламалары мен даярлау бағыттары бойынша бакалавриат деңгейіндегі білім алушыларға арналған «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханды ұйымдастыру және өткізу тәртібін реттейді.

2. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтихан ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес өткізіледі.

3. Мемлекеттік емтиханды өткізу тәртібі, емтихан комиссиясының құрамы мен өкілеттігі, сондай-ақ емтиханға қатысушылар мен құжаттамаға қойылатын талаптар осы Ережемен айқындалады.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

4. Ережеде келесі нормативтік-құқықтық актілерге сілтемелер қолданылды:

1) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (27.07.2007 ж., №319-ІІІ);

2) ҚР Ғылым және жоғары білім Министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы»

3) ҚР Білім және ғылым Министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы»

4) ҚР Білім және ғылым Министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы»

5) ҚР Мәдениет және спорт Министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы №77 бұйрығы «Мәдениет және өнер саласындағы білім беру ұйымдары қызметінің қағидаларын бекіту туралы»

3. МЕМЛЕКЕТТІК ЕМТИХАН КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ МЕН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ

5. Мемлекеттік емтиханды (МЕ) өткізу үшін мемлекеттік емтихан комиссиясы (МЕК) құрылады. МЕК құрамына ӘГП кафедрасының жетекші оқытушылары – профессорлар, ғылым докторлары, доценттер, ғылым кандидаттары кіреді.

6. МЕК-тің сандық құрамы студенттер контингентіне байланысты анықталады және кафедра меңгерушісі мен тақ санды мүшелерді (хатшыны есептемегенде 3 немесе 5 адам) қамтиды.

7. МЕК төрағасы мен құрамы ректордың бұйрығымен, консерваторияның Ғылыми кеңесінің шешіміне сәйкес, ағымдағы оқу жылының 10 қарашасынан кешіктірілмей бекітіледі және сол оқу жылы ішінде әрекет етеді.

Қызмет ережесі	«Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтихан комиссиясының құрамы мен жұмыс тәртібі туралы қызмет ережесі	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		10 беттің 4 беті

8. Мемлекеттік комиссияның төрағасы болып консерваторияда жұмыс істемейтін ғылым докторы, ғылым кандидаты немесе доцент тағайындалуы мүмкін. Бір адам мемлекеттік комиссия төрағасы қызметіне қатарынан үш жылдан артық тағайындала алмайды.

9. МЕК хатшысы кафедраның оқытушы-профессорлар құрамынан тағайындалады және дауыс беру құқығына ие емес.

10. МЕК төрағасы мен мүшелеріне келесі құжаттар беріледі:

- МЕК құрамы туралы бұйрықтың көшірмесі;
- «Қазақстан тарихы» пәні бойынша оқу бағдарламасы;
- «Қазақстан тарихы» пәні бойынша емтихан билеттері;
- «Қазақстан тарихы» пәні бойынша емтихан кестесінің көшірмесі.

4. «ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ» ПӘНІ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК ЕМТИХАН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

11. Мемлекеттік емтиханның (МЕ) ұзақтығы мен өткізу мерзімі академиялық күнтізбе мен білім беру бағдарламаларының (ББ) жұмыс оқу жоспарларына сәйкес анықталады. МЕ жыл сайын қысқы және жазғы сессия кезеңдерінде Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының бекітілген кестесіне сәйкес өткізіледі.

12. МЕК отырысының ұзақтығы күніне 8 академиялық сағаттан аспауы тиіс.

13. МЕ ауызша билет бойынша немесе тестілік формада өткізіледі – бұл белгіленген тәртіпке байланысты.

14. Емтихан алдында сұрақтар тізімі құрастырылып, одан 25–30 дана билет дайындалады. Емтихан билеттерінің сұрақтары әртүрлі нұсқада, қазақ және орыс тілдерінде жасалуы мүмкін.

15. Емтихан билеттерін пәнді жүргізетін оқытушы құрастырады, олар ӘГП кафедрасының мәжілісінде қаралып, кафедра меңгерушісі мен факультет деканы қол қояды және академиялық жұмыстар жөніндегі проректор бекітеді. Билеттердегі сұрақтардың дұрыстығына пән оқытушысы мен кафедра меңгерушісі жауап береді.

16. Әр билетте пәннің ерекшелігі мен күрделілігін ескере отырып, 3 сұрақ болуы тиіс. Әр билет Қазақстан тарихының түрлі кезеңдерін қамтуы керек және олардың қиындық деңгейі мен сұрақтар саны бірдей болуы шарт.

17. Емтихан билеттері мөрленген конверттерде ӘГП кафедрасында қолжетімсіз жерде сақталады.

18. Емтихан күні МЕК төрағасы комиссия мүшелері мен барлық студенттердің қатысуымен конвертті ашып, билеттерді кездейсоқ тәртіппен көпшілік алдында орналастырады.

19. Студент билет таңдап, оны комиссия төрағасына көрсетеді, өзінің аты-жөні мен билет нөмірін атайды. МЕК хатшысы студенттің аты-жөні мен билет нөмірін тіркейді.

Қызмет ережесі	«Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтихан комиссиясының құрамы мен жұмыс тәртібі туралы қызмет ережесі	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		10 беттің 5 беті

20. Студенттің негізгі жауабы мөр басылған қағаз бетіне жазылады (бакалавриат деңгейі), ол билетпен бірге жауап аяқталған соң МЕК хатшысына тапсырылады.

21. Студенттің ауызша жауабының негізгі мазмұны мен қойылған қосымша сұрақтар МЕК хатшысы жүргізетін хаттамаға жазылады.

22. МЕК мүшелері студенттің жауабын баллдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесімен бағалап, оны дәстүрлі баға шкаласы мен ECTS жүйесіне аударады және қосымша ведомостьке тіркейді.

23. Студенттің мемлекеттік емтиханнан алған қорытынды бағасы – МЕК барлық мүшелерінің бағаларының арифметикалық орташа көрсеткіші арқылы есептеледі.

24. Емтиханшылардың қосымша ведомостьтері архивке тапсырылмайды, емтихан аяқталғаннан кейін кафедрада актісіз жойылады.

25. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтихан нәтижелері АИС Platonus электрондық жүйесіне ТК (тіркеу кеңсесі) өкілі арқылы енгізіледі.

26. Мемлекеттік емтихан хаттамалары емтихан аяқталғаннан кейін екі апта ішінде МЕК хатшыларымен тігілген түрде ТК-ға тапсырылады.

5. ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІН РӘСІМДЕУ ЖӘНЕ ХАТТАМАЛАРДЫ ОҚУ БӨЛІМІНЕ ТАПСЫРУ ТӘРТІБІ

27. Мемлекеттік емтихан комиссиясы хатшысы мемлекеттік емтихан (МЕ) хаттамаларының тізімін рәсімдеу және оқу бөліміне тапсыру рәсіміне жауапты болады. Хаттамаларды оқу бөліміне тапсыру мерзімі – мемлекеттік емтихан аяқталғаннан кейін екі апта ішінде.

28. Хаттамаларды (құжаттарды) оқу бөліміне тапсырған кезде, комиссия хатшысы хаттаманың барлық бөлімдерінің толтырылуына, комиссия мүшелерінің барлық қолдарының болуына, емтихан бойынша жиынтық бағасының комиссия мүшелерінің бағаларына сәйкестігіне назар аударуы қажет.

Қызмет ережесі	«Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтихан комиссиясының құрамы мен жұмыс тәртібі туралы қызмет ережесі	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		10 беттің 6 беті

Мемлекеттік емтихан билетін рәсімдеу үлгісі (бакалавриат)

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы
«Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтихан

БЕКІТЕМІН

«___» _____ 2025 ж.

Академиялық мәселелер жөніндегі проректор
_____ Т.А.Ә.

БИЛЕТ №1

1. Қазақстан аумағындағы тас дәуірі
 2. Алтын Орданың ішкі саясаты
 3. «Алаш» партиясы және Алаш Орда үкіметінің құрылуы
- Кафедра мәжілісінде бекітілді

«___» _____ 202__ ж., хаттама №___

Кафедра меңгерушісі: _____ Б.С. Калдаева

МAM және ӘГП факультетінің деканы: _____ Г.Ж. Мусагулова

Қызмет ережесі	«Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтихан комиссиясының құрамы мен жұмыс тәртібі туралы қызмет ережесі	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		10 беттің 7 беті

Хаттама No _____
 "Қазақстан тарихы" пәні бойынша
 Мемлекеттік емтихан комиссиясы отырысының
 « _____ » _____ 20__ ж. с _____ сағ. _____ мин. сағ _____ мин. _____ дейін
 Қатысқандар: Мемлекеттік аттестациялық комиссия төрайымы

(аты-жөні, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы)

(ұйымның атауы, атқаратын лауазымы)

Комиссия мүшелері:

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханды тапсырғаны туралы

1. Сыналушы студент _____
 (аты-жөні, мамандығы)

2. Сұрақтар: (емтихан өткізу кезінде студенттің тест түрінде орындалған тесттік тапсырмалары хаттамаға қоса беріледі)

1. _____
2. _____
3. _____

3. Студент _____
 (аты-жөні)

рұқсат рейтингі бар _____
 (әріптік, балдық-рейтингтік бағасы)

4. Студент _____
 (аты-жөні)

"Қазақстан тарихы" пәні бойынша мемлекеттік емтиханды
 _____ тапсырды
 (бағалау бойынша балдық-рейтингтік әріптік жүйесі көрсетіледі)

5. Студенттің қорытынды бағасы _____
 (аты-жөні)

"Қазақстан тарихы" пәні бойынша

(бағалау бойынша балдық-рейтингтік әріптік жүйесі көрсетіледі)

6. Мемлекеттік емтихан комиссиясы мүшелерінің ерекше пікірлері

Төрайым/Төраға _____ (қолы)
 Комиссия мүшелері _____ (қолы)
 _____ (қолы)
 _____ (қолы)
 Хатшы _____ (қолы)

Қызмет ережесі	«Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтихан комиссиясының құрамы мен жұмыс тәртібі туралы қызмет ережесі	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		10 беттің 8 беті

6. ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

[illegible]

Қызмет ережесі	«Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтихан комиссиясының құрамы мен жұмыс тәртібі туралы қызмет ережесі	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		10 беттің 9 беті

7. ҚҰЖАТПЕН ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

[illegible]

Қызмет ережесі	«Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтихан комиссиясының құрамы мен жұмыс тәртібі туралы қызмет ережесі	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		10 беттің 10 беті